



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№11 (600)
20 наурыз,
2025 жыл



Алтынай ОРЫНБАЕВА:

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ЕРЕКШЕ СЕРПІН БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиында еліміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген бір топ қыз-келіншектерге мемлекеттік наградалар табыстады.

ҚР Президентінің 2025 жылғы 3 наурыздағы Жарлығымен Қызылорда облысының Қоғамдық даму басқармасына қарасты облыстық тілдерді оқыту орталығы ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы, «Орда» жоғары колледжінің оқытушысы Алтынай Орынбаева мемлекеттік «Шапағат» медалімен марапатталды.

Айдыңды Арал ауданындағы Қаратерек ауылында туып-өскен Алтынай Романқызы оқушы кезінен-ақ зеректігімен танылды. Еңбек жолын оқытушылықтан бастаған ол жауапкершілігімен көзге түсіп, жас та болса, талай байқауда топ жарды. Бүгінде мемлекеттік тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту бағытында еңбек етіп жүрген жас ғалыммен емен-жарқын сұхбат құрдық.

5-бетте



ҰЛЫҚ МЕЙРАМ, ДҮБІРЛІ ДУМАН

Күн мен түннің тенеіліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеуі болып, арқа-басы кеңіп, аққа ауыз тиген қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендіретін Наурыз мерекесі де келіп жетті. Ерекше ықыласпен, нағыз халықтық сипаттағы салтанатқа айналған мерекені тойлауға бар қазақ жұрты асығады. 2010 жылы халықаралық мейрам мәртебесін алған мереке сол уақыттан бері үш күн бойы тоқтаусыз тойланып келеді. Бұл күндері арнайы рәсімдер жасалып, наурыз көже дайындалып, аналарымыз қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі түрлерін қазанға салады. Соғымға сойылған малдың басы немесе шекесі қосылып, қазы-қарта, жал-жая қазанға түседі. Ет сорпасына көже қайнатады. Қосылған жеті түрлі дән мен ақ ерекше дәм береді. Ал бұл дайындалған көже қасиетті тағам ғана емес, тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы.

Наурыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан, қазақтар оны «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп жатады. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді. Сондай-ақ бұл күні көңілінде кірбіңі барлар татуласады, адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Жер иесі – Қыдыр ата елді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген сенім-наным және бар. Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен». Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын

қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күні жер-жерде ат бөйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, ізгі тілекпен жаңа жылды қарсы алады. Биыл елімізде мерекеге демалыс күндері жалғасып, қазақстандықтар Наурыз мейрамын бес күн бойы атап өтеді.

2 - бетте

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК РАСЫМЕН ҚАУІПСІЗ БЕ?

«Балаңыз енді оянабайды». Жуырда әлеуметтік желіде көзі жасқа, жүрегі қорқынышқа толған көпбалалы Мираның бейнежазбасы тарайды. Көкшетаулық әйел балабақша тәрбиешісінен осындай хабарлама алған. Абдыраған ана бірден басшылық пен ата-аналардың ортақ чатына жазады. Ал мұндай жазбаны алған жалғыз ол емес екен. Мән-жайды зерттеу барысында белгілі болғандай, тәрбиешінің ұялы телефонына кибершабуыл жасалған. Алаяқтардың мақсаты мен кім екендері де әлі белгісіз.

Өкінішке қарай, цифрлық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігі жылдан жылға артады. Интернет, жаңа технология дамыды десек те, жаңашылдықтар адам өмірін жеңілдетсе де, көлеңкелі әрекеттер тыйылмай тұр. Әуелде естіген құлаққа таңсық болатын бұл терминдер қазір күнделікті сөзге айналды. Банк карталарының бұғатталуы, аккаунттардың бұзылуы, жалған SMS пен мессенджерлер. Аталған алаяқтық схема киберқылмыстың қауіпті екенін сөзсіз дәлелдейді. Мәселені мысалмен бекітсек. Жыл басында Қостанай қаласының тұрғыны жалған инвестициялық платформаға сеніп, 21 миллион теңгесінен айырылды. Instagram желісінде пайда болған жарнамаға қызыққан әйел белгісіз «кенешшілердің» арбауына



түсіп, бастапқыда аз мөлшерде ақша аударған. Кейін алаяқтар түрлі салықтарды төлеуді талап етіп, банктен несие алуға мәжбүрлеген. Міне, интернет алаяқтардың торына байланғандардың бір мысалы. Біз

білмейтіні қанша? Ал сандар не дейді?

3-бетте



ОЙЫН АВТОМАТЫ: ПАЙДА МЕН ТӘУЕЛДІЛІК АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Бүгінде қаланың кез келген нүктесінен тиын салып, ойыншық ұтып алуға болатын немесе QR код арқылы төлем жасап, ұруға болатын силовметр секілді ойын аппараттарын жиі кездестіреміз. Жалпы ойын бизнесі – казино, ойын автоматтары, тотализаторлар мен букмекерлік кеңселер арқылы елімізде кеңінен таралған. Бір қарағанда қызық әрі уақыт өткізудің тәсілі болғанымен, ойын автоматтары көп адамның өміріне айтарлықтай зиян тигізуі мүмкін. Бұл құрылғылар тек көңіл көтерудің құралы емес, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдары бар күрделі мәселе. Мақаламызда осы мәселеге кеңінен тоқталамыз.

4-бетте

Күні кеше елімізде наурызнаманың онкүндігі аясында 16 наурыз – «Шаңырақ күні» жер-жерде атап өтілді. Түрлі орталықтарда неке қиылды, шаңыраққа қатысты салт-дәстүр мен жөн-жоралғылар жасалды. Иә, Отан – отбасынан басталады. Дегенмен бүгінде тап осы тақырып төңірегінде шешімін таппаған мәселелер ұшан-теңіз. Кейінгі жылдары Қазақстанда ажырасу деңгейі күрт өсіп, күрмеуі шешілмеген күрделі мәселеге айналғаны жасырын емес. Статистикаға сүйенсек, Қазақстан ажырасу көрсеткіші бойынша әлем елдері арасында жылдар бойы көш бастап келе жатыр. Бұл жайт отбасы институтының әлсіреуіне, балалардың психологиялық жағдайына және жалпы қоғамға да теріс әсерін тигізуде. Бүгінгі мақаламызда ажырасудың негізгі себеп-салдары және алдын алу жолдары жайлы жан-жақты сараптауды жөн санадық.

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК...

Қазақстанда соңғы он жылда ажырасу деңгейі едәуір артты. 2023 жылғы тіркелген деректерге назар аударсақ, ажырасу бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте 114 елдің ішінде 16 орынға жайғасқан. Сондай-ақ ТМД көлемінде 6-орында болса, Орта Азияда көш бастап тұрмыз. Ал 2024 жылдың наурыз айындағы мәліметтерге сүйенсек, еліміз ажырасу көрсеткіші бойынша

әлемде екінші орынға шыққан. Мұнда бірінші орында Мальдив аралдары тұр. Ресми деректерге сәйкес, елімізде 1000 адамға шаққанда 4,6 ажырасу тіркелген. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы некелердің шамамен 20-30 пайызының сәтсіз аяқталатынынның дәлелі.

7-бетте



Наурыз – көктем!


Тіршілікті шуаққа малындырып,
Нұр шаады Тәуелсіз таңым күліп!
Көктем күткен көрікті көктем-ару,
Жетті міне, халқына сағындырып!

Бал сезімі оянып бұлттарды,
Шөлiркеген далаға сыр ақтарды.
Үнеіз жатқан бабалар күмбезінің,
Кеудесінде өшпес от – шырақ жанды!

Дәстүр-салтын дәріптеп өнегелі,
Думанмен ел шаттыққа бөленеді.
Қасиетті жеріміз Қыдыр қонған,
Құт-береке, ырысқа кенеледі!

Жаңа жылым жаңғырып, жаңарған күн,
Жарқын күннен тірлікке тараған нұр.
Құтты болсын ағайын, Наурыз-тойын,
Ортамызда бақ болып оралған бұл!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА



Басы 1-бетте

Ұлық мейрам, дүбірлі думан

Байқайсыз ба, жоғары да біз айтып өткен Наурыз мерекесіндегі жөн-жоралғылар сол уақыттан өз маңызын жойған емес. Керісінше, жыл өткен сайын елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде.

Биылғы Ұлыстың ұлы күні жылдағы қарағанда сән-салтанатымен, жалпыхалықтық сипатымен ерекшеленді. «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес, Қызылорда облысында 14 – 23 наурыз аралығында халықтық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі ұйымдастырылып келеді.

Бұл онкүндік төл мерекемізді атап өтудің жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді, ашықтықты, шынайылықты, жауаптылықты, қайырымдылықты насихаттауға бағытталған. Аймақта арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, әр күн белгілі бір тақырып аясында өтіп келеді. Осылайша жоспарланған шаралар Наурыз мерекесін өнегелі бастамалар арқылы жалпыхалықтық мейрамға айналдыруға, халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтуға септігін тигізеді.

Өткен жылы елімізде алғаш рет «Наурыз мейрамын атап өтудің тұжырымдамасы» қабылданып, түрлі іс-шаралар қолға



алынған. Биыл да үрдіс бойынша Наурызнама онкүндігінде әр күнге арнайы тақырыптар бекітілді. Осы бағытта облыс көлемінде 103 іс-шара жоспарлана, оның 38-і облыстық деңгейде өткізіліп келеді.

Қызылордалықтар алғашқы күні «Амал мерекесінен» басталып, соңғы күні «Тазару күнімен» түйінделетін онкүндіктің бел ортасына келді. Қайырымдылық жасап, мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күнін атап өтіп, «Шаңырақ күнінде шаттыққа кенелді».

Сондай-ақ 18 наурыз күні «Ұлттық киім» күні облыс көлемінде түрлі челленджерге жалғасып, кең көлемде насихаттала білді. Ал 19 наурыз – «Жанару күні». Жанару – өзгерістер мен жаңа белестер кезеңі. Табиғат түрленіп, тіршілік қайта жанданады. Көкжиектер кеңейіп, мүмкіндіктер туады. Бұл күні елімізде үлкендер ағаш отырғызып, ұрпақтарымыз көктеп, көгерсін деп ниет етеді.

Сыр өңірі жыл сайын Наурыз мерекесін жоғары деңгейде атап өтіп, ерекше оқиғаларымен есте қалады. Биылғы жылы да өз-Наурыз Ә.Спанов (Өнер орталығының маңы) көшесін бойлай киіз үйлер тігіліп, салт-дәстүрлерден көріністер мен арнайы көрмелер дайындалады. Қонақтарға елге танымал эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасы, түрлі сайыстар мен театрландырылған қойылымдар ұсынылады. Сондықтан Ұлыстың ұлы күнін көпшілікпен тойлап, ерекше алыңыз, асығыңыз! Ұлыс оң, ақ мол болып, мереке құтты болсын!

Нұр БАҚЫТ

«КӨШПЕНДІЛЕР ӘЛЕМІ» ЭТНО КИІМДЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Наурызнама онкүндігінің төртінші күні – «Ұлттық киім күні». Бұл күн ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекше кезеңге айналады. Бұл – халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегіне тамсанып, бұл өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн.

Наурызнаманың онкүндігі аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күніне арналған «Көшпенділер әлемі» атты этно киімдер фестивалі өтті.

Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны насихаттау, жергілікті дизайнерлер мен тігіншілерге ұлттық брендтерді дамытуға қолдау көрсету, сондай-ақ ұмыт болған киім үлгілерін жаңғыртып, халыққа таныту мақсатындағы фестивалінде Сыр елінің талантты дизайнерлері мен студиялары Дана Марлен, Айман Абди «Qazaq brand», Ясина «Qazaq brand», «RUNA brand», «Амина этно» студиясы, «Nanur brand» топтамалары көрерменге ұсынылды.

Жергілікті шеберлердің шығармашылық жұмыстарының

әрқайсысы ұлттық киімдеріміздің бай мұрасын жаңаша шығармашылықпен жеткізді.

Фестиваль барысында Сыр өңірінің өнерпаздары өнер көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ұлттық киім мен музыканың үйлесімі көпшіліктің көңілінен шықты.

Фестиваль соңында қатысушыларға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Қазбекова алғыс білдіріп, 18 наурыз – Ұлттық киім күнімен құттықтады.

Сондай-ақ фестиваль барысында көрермендерге арнайы ұлттық киімдер мен бұйымдардың көрмесі ұсынылып, жергілікті кәсіпкерлердің сатылымы өтті.

«АЖ» ақпарат



ҚОС ІШЕКТЕН ТӨГІЛГЕН КҮЙ КЕШІ

Сыр елінің талантты перзенті, қазақ музыка өнерінің қайраткері, күйші-композитор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы, академик Төлепберген Тоғжановтың 60 жас мерейтойына арналған Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Сыр ана» атты күй кеші өтті.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі – Мәдениет саласының үздігі Самат Абылаев. Бас дирижері – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Кеулімжай Ботабаев.

Сыр топырағы тудырған талант иесінің өнердегі алғашқы жолы Тасболат Ысқақовтың ұстаздық етуімен басталып, Қызылорда музыкалық училищесінде жалғасын тапты. Төлепберген Торахметұлы мемлекеттік «Салтанат» ән-би ансамблі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінде еңбек етіп, бүгінде Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында дәріс беруде.

Ұлттық музыка кешінде сөз алған Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова мерейтой иесіне ақжарма ақ тілегін жеткізіп, аймақ басшысының «Құттықтау хатын» табыстады.

Кешке арнайы қатысқан Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының профессоры, Мәдениет қайраткері, «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі Зәмзәгүл Измұратова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе өнер иесіне ізгі тілектерін айтып, сыйсияптарын табыстады.

Рухани кеште «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Әлімжан Әбсадықов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Кеулімжай Ботабаев, Махамбет

Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры Еркін Нұрымбетов, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты Сымбат Тасбергенова, Бақдәулет Қарғабаев, Біржан Серік, Бақытжан Дүйсенғазиев (домбыра), Токтар Ағыраев (қобыз) өнер көрсетті.

Ұстазының мерейтойлық кешіне ыстық лебіздерін жеткізе келген Әділбек Тәшімов, әнші-күйші композитор, «Тұран» сыйлығының иегері Үкітай Ерниязов қос ішектен күмбірлеген күй төгіп, көрерменнің қошеметіне бөленді. Сонымен бірге, күні кеше өткен «Туымы белек тұлпар» атты облыстық күйшілер байқауында бас жүлде иеленген Жақсан Мұқағали күй тартты.

Кеш соңында жиналған көрермен өнер иесімен суретке түсіп, гүл шоқтарын табыстады.

«АЖ» ақпарат



Басы 1-бетте

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК РАСЫМ ЕН ҚАУІПСІЗ БЕ?

Сонау 2017 жылға оралсақ. Сол жылы интернет алаяқтықтың 2 мың фактісі тіркелсе, 2021 жылы 21 мыңға өскен. Дамыдық деп, көкіректі көкке көтерген сайын «әттеген-ай» көбейді. Айнала алданғандарға лық толы. Былтыр 22 мыңнан астам интернет алаяқтық тіркелген. Ал азаматтардың шығыны 45 миллиард теңгеден астам. Ең сорақысы 2,5 миллиард теңге ғана иелеріне қайтарылды. Ал осындай қылмыспен айналысқан 1500 адам жауапқа тартылған. Биылдың өзінде аңғалдығымен алданғандардың саны тағы өсті. Жыл басынан бері 4385 интернет алаяқтық тіркеліп отыр. Тамыры теренге жайылып, шырғауыққа айналған бұл қылмыс банк қызметкерлерінен де айналып өтпейті. Бір айдың ішінде банк қызметкерлерінің үстінен алаяқтық дерегі бойынша 32 іс қозғалған. Алаяқтарға тұсау әлі де жоқ. Ел азаматтары бүгінде кім, қашан һәм қалай алдайды деген үреймен жүреді. Сондықтан Ішкі істер министрлігі биылдан бастап киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментін құрған. Қызылорда да бұл іс қолға алынды. Сол үшін облыста интернет-алаяқтықпен күресу мақсатында Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы құрылды. Аймақтағы ахуалға бір сәт ойысақ. Өткен жылы Қызылордада 308 интернет-алаяқтық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 88 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған.

Қызылордалық студент Аружан Серікқызы Telegram желісі арқылы онлайн дүкеннен сауда жасаған. «Жоқ жерден алданып қалдым» дейді ол.

– Мереке қарсаңында құрбыларыма сыйлық алу үшін Telegram арқылы 23 мың теңгеге тапсырыс бердім. Бұған дейін түрлі онлайн дүкендермен жұмыс істеп, ешқандай мәселесіз заттарымды алып жүрдім. Әдеттегідей ақшамды аудардым, уақыт өтті. Бірақ тапсырысым жоқ. Қоңырау шалсам жауап жоқ. Чатқа жазайын десем, хабарламалары да, тіпті чаттың өзі де жоқ. Қолым да, есепшотым да бос қалды. Осылай алданамын деп мүлде ойламаппын, – дейді ол.

Статистикаға сүйенсек, интернет алаяқтықтың көп тараған тәсілдерінің көш басында онлайн сауда тұр. Кейін брокерлік компания

мен түрлі қоңыраулар болса, тізімдегі «хит» схемада шетелдік нөмірімен WhatsApp арқылы қоңырау шалу бар. Өткен жылдың өзінде құқық қорғау органдары 65 миллион қоңырауды бұғаттаған.

Цифрлық қауіпсіздік бүгінде қауіпті аймаққа айналғандай. Тіпті азаматтардың жеке дерегі алаяқтардың қолында. Онлайн несиенің де шарықтаған шегіне келдік. Өз атынан қалай несие алынғанын білмейтіндер де кездеседі. Бір тетікті басқанға алданып, шаршағандар egov арқылы несие алудан бас тартуға өтініш беруде. Бүгінде мұндай өтінішке 647570 адам жүгінген. Дегенмен «бұл да аз» дейді мамандар. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, мамандар кибершабуылдан қорғануды ұсынады. Алдымен фишингтік шабуылдарға тоқталайық.

Қалай жұмыс істейді? Сізге банк, пошта немесе әлеуметтік желі атынан хат немесе SMS келеді. Онда аққауытыңыз бұғатталғаны немесе деректеріңізді жаңарту керек екені жазылады. Сілтемеге өткен бойда сіз жалған сайтқа кіресіз, ал сол жерге енгізілген құпиясөздер бірден алаяқтарға беріледі. Мұндай қорғану үшін күмәнді сілтемелерге өтпеу керек. Банк немесе ресми ұйымдардың тексерілген сайттарын пайдаланып, екі факторлы аутентификация орнату қажет. Ал кейде алаяқтар банк қызметкері, полиция немесе мемлекеттік орган атынан қоңырау шалып, сіздің шотыңыздан күмәнді операция анықталғанын айтады. Одан кейін сізден банк картасының CVV кодын немесе SMS-код сұрайды. Алданбау үшін күдікті қоңырауларға жауап бермеңіз. Бастысы банк қызметкерлері құпия дерек сұрамайтынын ұмытпаңыз. Кейде әлеуметтік желіден бір акция немесе бонус ұтып алдыңыз деген хабарлама келеді. Сол сілтемеге өткен бойда телефоныңызға вирус жүктеледі.

Тағы бір алаяқтықтың түрі басталды. Бұл – қате аударым. Мысалы, Stan.kz ақпарат агенттігінің мәліметінше, өткен айда Азамат есімді тұрғынның есепшотына 500 000 теңге көлемінде қаржы түскен. Артында белгісіз номер хабарласып, банк қосымшасы арқылы сұраныс жіберген. Интернет алаяқтар туралы



хабары бар ма, білмейміз, Азамат бірден банк менеджерлеріне хабарласқан.

– Кәсіп-ді сирек пайдаланамын, бірақ тексеріп көрдім. Расында, онда аударым және кері қайтару сұранысы бар екен. Жағдай шынайы көрінеді, бірақ қазір алаяқтар өте айлакер жұмыс істейді. Сондықтан шындық пен алаяқтықты ажырату қиын. Біріншіден, аударым жасауға тиіс болған нөмір менің нөмірімнен мүлдем өзгеше. Екіншіден, аударымнан кейін маған WhatsApp арқылы жазып, ақшаны басқа нөмірге жіберуімді сұрады. Үшіншіден, оған банктен мәселені шешуді сұрағанда, әлдебіреу қала сыртында екенін жеткізіп, түрлі сылтау айтты. Сондықтан сол адамға банкке барып, қате аударым бойынша ресми өтініш жазуын ұсындым. Бірақ ол бірден сылтаулар айта бастады. «Алматыдан 40 шақырым қашықтамын, жеткенше банк жабылып қалады» деп сылтаураатты. Бөрінің құжат жүзінде рәсімделуі үшін осылай істедім. Ол бірден ақшаны басқа нөмірге аударуды сұрады. Бұл – алаяқтардың классикалық схемасы: олар ақшаны шығару үшін кездейсоқ адамдарды (дроптарды) пайдаланады. Егер алаяқтар ұсталып қалса, сіз де сыбайлас ретінде күдікке ілінуіңіз мүмкін, – деді Азамат.

Ең қызығы, ер адамның нөмірі мен

жіберушінің нөмірінде 5 сан айырмашылығы бар. «Егер бір сан ғана айырмашылығы болса, мұны кездейсоқ қате деп есептеуге болар еді. Бірақ 5 сан деген күмәнді. 500 мың теңгені аудару кезінде қателессіз бе? Әрі бірден 5 цифрда» дейді ол.

– Оның үстіне, аударым кезінде әртүрлі есімдер шығып тұрады. Егер бұл алаяқтар болса да, мен банкке ресми түрде өтініш жазамын, осылайша олар бұл соманы бұғаттай алады. Бұл болашақта мені сыбайлас ретінде айыптаудан қорғай алады, – деді Азамат.

Кейінгі жылы хитқа айналған WhatsApp-ты бұзуға әбден тойдық, рас. Танысын, ата-анан, тіпті бөтеннен нөмірден «Здравствуй. Хотел спросить, есть возможность занять 250 000 на 2 часа?» деген хабарлама жиі келіп кетті. «Алаяқтардың қазақша білмейтіні жақсы болды» деген әзіл де тарады. Бірақ әліге дейін «менің атымнан ақша сұраса, аударманыздар» деген жазбалар азаймақ емес. Неге? Цифрлық қауіпсіздік қайда кетті?

Мәселе бойынша шаралар да, жаңа бастамалар да қолға алынауда. Дегенмен сақтықтың сан соқтырмайтынын ұмытпаған жөн.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ СӘН БЕ, ӘЛДЕ ТӘУЕЛДІЛІК ПЕ?

Кейінгі жылдары электронды темекі, яғни вейп, темекі шегудің баламасы ретінде танымал бола бастады. Әсіресе, жастар арасында оның кеңінен таралуы алаңдаушылық туғызуда. Вейпті өндірушілер оны кәдімгі темекіге қарағанда зияны аз өнім ретінде жарнамалайды. Дегенмен бұл құрылғының денсаулыққа тигізетін әсері туралы пікірталастар әлі де жалғасып келеді. Сонымен электронды темекі қауіпсіз бе, әлде темекінің жаңа түрі ғана ма?

Электронды темекінің таралуының бірнеше себебі бар. Көпшілік оны кәдімгі темекіден зияны аз әрі құрамы темекіге қарағанда өкпеге аз әсер етеді деп ойлайды. Шынында вейптің ауан түрлі дәмі бар. Кәдімгі темекіде мұндай мүмкіндік жоқ болса, вейп пайдаланушылары жиде, шоколад, ваниль, қарбыз және басқа да хош иістерді тандай алады. Міне, қазіргі жастардың басым бөлігі оның осындай тартымды иісіне қызығады. Оның үстіне көзге түсетін дизайндағы нұсқалары еліктірмей қоймайды.

Электронды темекінің зияны аз деп есептелгенімен, ол мүлдем қауіпсіз деуге болмайды. Біріншіден, оның құрамында никотин бар, ол адамды тәуелді етеді. Әсіресе жасөспірімдердің миы әлі толық дамып болмағандықтан, никотин олардың есте сақтау қабілетіне, көңіл-күйіне және оқу үлгеріміне кері әсер етуі мүмкін.

Екіншіден, зерттеулер көрсеткендей, вейп құрамындағы химиялық заттар өкпе ауруларына алып келуі мүмкін. Соңғы жылдары АҚШ-тағы дәрігерлер вейпті жиі қолданатын жастар арасында белгісіз өкпе ауруының тарағанын анықтады. Бұл жағдайды дәрігерлер зерттей келе, кейбір сұйықтықтардың құрамында зиянды қоспалар бар екенін анықтаған.

Үшіншіден, вейп психологиялық тұрғыдан да қауіпті. Көптеген адам оны темекіні тастау үшін пайдаланады, бірақ олардың түбі нико-



тинге тәуелділіктен арыла алмайды. Керісінше, вейп шегу оларды темекіге қайта оралуға итермелеуі мүмкін. Өлемнің көптеген елінде электронды темекіге шектеу қойылып жатыр.

Мысалы, кейбір мемлекетте жасөспірімдерге оны сатуға тыйым салынған. Қазақстанда да бұл мәселе өзекті. 2023 жылы вейп өнімдерін сатуға және жарнамалауға қатысты қатаң шектеулер енгізілген болатын. Бұл шаралар жастардың электронды темекіге деген қызығушылығын азайтуға бағытталған.

Электронды темекі қазіргі заманның сәніне айналғанымен, оның денсаулыққа тигізетін зияны толық зерттелмеген. Никотинге тәуелділік, өкпе аурулары психологиялық әсерлер электронды темекінің тек кейбір кері әсерлері ғана. Сондықтан оны қолданар алдында адамдар оның салдарын толық түсініп, дұрыс таңдау жасауы қажет. Ең бастысы, темекі шегудің кез келген түрінен аулақ болу – денсаулықты сақтаудың ең тиімді жолы.

Нүрсұлтан БАЙНАШ

ВАНДАЛИЗМ – ҚОҒАМ ДЕРТІ



Көше бойындағы шимайланған қабырғалар, сынған орындықтар мен бүлінген мүсіндер... Бұл көрініс вандализмнің күнделікті өмірімізге қаншалықты еніп кеткенін көрсетеді.

Дабыл қаққандар көп, бірақ жағдайымыз қалай? Мысалы, кейінгі жылдары вандализм жасаған 5 мыңнан астам адам анықталған.

Вандализм – біреудің немесе қоғамдық меншікті бүлдіру. Бұл сөз 445 жылы Римді тонаған ежелгі герман тайпасы Вандалдардың атынан шыққан. Ол бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, ескерткіштерді бүлдіру немесе саяси граффитилер салу. Ұрлық немесе тонау мақсатында қылмыстық вандализм жасау. Банкоматтарды бұзу, дүкен терезелерін сындыру. Мейлі, түрлерімен таныстық. Ал себебі неде?

Вандализмнің басты себептері – ішкі агрессия. Көп жағдайда бұл әрекеттерді жастар жасайды, себебі олар өзін қоғамнан шеттетілгендей сезінуі мүмкін. Жалпы, вандализм жеке адамның әрекеті болғанымен, оның түпкі себебі – қоғамдағы мәселелер. Жұмыссыздық, әділетсіздік, әлеуметтік наразылық вандализмге итермелеуі мүмкін. Кейбір зерттеулерге сүйенсек, мұндай әрекеттерді жасаушылар өздерін «көрінбей қалатын» адам ретінде сезінеді және қоғамға қарсы күрестің жалғыз жолы осы деп есептейді.

Психологтардың айтуынша, вандализм әрекетіне психологиялық фактор түрткі болады. Мұндай әрекетке баратын жасөспірімдердің әрекеті төрт деңгейде қарастырылады. Адам ішіндегі ашуын сыртқа шығару мақсатында ішімдік пен

есірткі әсерінен бұзақылыққа барады. Бұл – ессіз әрекет. Екіншісі, саналы денгейде ойын-сауық құру. Бұл денгейге бәсекелесу, өзгерлерге еліктеуді жатады. Ал үшіншісі, мінез-құлқ әдеті. Төртіншісі, ішкі наразылық. Вандализм көбінесе агрессиядан басталады.

Шешім бар ма? Вандализмнің алдын алу үшін бірнеше шараны қарастыру қажет. Мысалы, жастарға қоғамдағы өз орнын табуға көмектесу, олардың шығармашылығын қолдау. Бейнебақылау мен қауіпсіздік – заң бұзушыларды анықтау үшін технологияны пайдалану. Альтернативалы ұсыныс ретінде граффити үшін арнайы аймақтар жасау, жастарды әлеуметтік жобаларға тарту. Сонымен қатар вандализмнің салдарын түсіндіретін компаниялар жүргізу.

Вандализм – жай ғана тәртіп бұзу емес, ол салмақты мәселе. Егер әр адам өз қаласына, айналасына жауапкершілікпен қараса, бұл құбылысты азайтуға болады. Себебі бүлінген орта – тек қоршаған кеңістіктің емес, сонымен қатар біздің сана-сезіміміздің де айнасы.

Динара ЖҰМАДІЛ,
студент



**ҚҰРДЫМҒА ЖАСАЛҒАН
АЛҒАШҚЫ АДЫМ**

Ойын автоматтары адам психикасына ерекше әсер етеді. Көптеген адам ойынға алғашқы кадамды жеңіп ойын жасайды: қызығушылық танытады, сәл табысқа қол жеткізген деген үмітпен ойнай бастайды. Бірақ уақыт өте келе бұл әдет тұрақты сипат алады. Алғашқы ұтылыстардан кейін адам қайта ұмтылып, бір жеңіс тағы да көп пайда әкеледі деп сенеді. Осылайша, ойыншылар өздері байқамастан тәуелділікке душар болады, оны ғылыми тілде «лудомания» деп атайды. Жалпақ тілде айтсақ, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге» бейімделеді.

ОЙЫН АВТОМАТЫ: ПАЙДА МЕН ТӘУЕЛДІЛІК АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Қош. Көтергелі отырған тақырыбымыз ойын аппараттарына құмар жастар санының артуы. Жалпы бұл құрылғылардың құны арзан емес. Ұруға арналған силометрдің өзі кенде 800 мың теңгеден жоғары сомманы құрайды. Ал ойыншық, түрлі техникалық заттармен толтырылған ойын аппараттарының бағасы 600 мың теңгеден басталады. Ал ойнау үшін 100 теңге, не одан да көп ақша салуыңыз қажет.

Пайда көзінің бар екенін аңғарғандар аталған аппараттарды сатып алу үшін қаражат аямайтын көрінеді. Оның үстіне мұндай құрылғылар адам көп жиналатын қоғамдық орындарда жиі кездеседі. Біз мәселені түп тамырымен жоюмыз деп дабыл қағып жүргенде, кейбір «пайдакүнемдер» мүмкіндіктен құр қалғысы келмейді. Өкінішті-ақ... Мәселен, сіз ойыншық толған ойын автоматқа 100 теңге салып ойнайтын болсаңыз, бірінші мүмкіндіктен-ақ ұтып кете алмайсыз. Ойын аппараттарының да басты ерекшелігі осында. Адам психологиялық тұрғыда жеңіске деген құлшыныс пен «жалған намыстың» кесірінен қалай азартқа кіргенін байқамай да қалады. Қызығушылықпен басталған ойын көп жағдайда жеңілістің ашы дәмімен аяқталады.

Алайда ойыншылар қайта ұту мүмкіндігіне сеніп, сол ойынның шырмауына түседі. Әсіресе жеңілген сайын «келесіде міндетті түрде ұтамын» деген иллюзия адам санасын билейді. Бұл психологиялық құбылысты «жәкын жеңіс эффектісі» деп атайды, мұнда ойыншы үнемі жетпеген жеңісіне жәкын болдым деп, өзіне үміт сыйлайды. Осының салдарынан одан сайын ойнауға құмар болады. Жеңіске деген жалған сенім, бір сәттік қуаныш пен жеңістің жылтыраған елесі ақыры құрдымға тартып тынады.

Кейбір зерттеулер бойынша, ойын автоматы адамның миындағы дофамин гормонының бөлінуін күшейтеді. Бұл гормон жеңіс сәтінде көп бөлініп, адамда бір сәттік қуаныш пен қанағаттану сезімін туғызады. Бірақ уақытша қанағаттану тек тәуелділіктің бастауы екеніне ешкім мән бермейді. Ал ұтылыс жиілей бастағанда, бұл сезім кері әсерге айналуы мүмкін. Нәтижесінде тәуелді ойыншының қаржылық жағдайы нашарлайды, тіпті қарызға белшеден батуы да ғажап емес.

ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ ШЕКТЕУ ҚАЖЕТ

Мемлекет аталған мәселені тоқтату үшін түрлі шараларды қолдануда. Өткен жылдың аяғында Мәдениет және спорт министрлігінің заңға түзетулер енгізуді жоспарлап жатқандығы туралы ақпарат тараған еді. Өзгерістер мынаны камтиды: құмар ойындарға тек 25 жастан бастап қатысуға рұқсат етіледі (қазір 21 жастан бастап ойнауға болады). Несіесі/ипотекасы бойынша мерзімі өткен қарызы бар азаматтарға, сондай-ақ әскери қызметшілерге ойын ойнауға тыйым салынады. Құмар ойын мекемелерін заңсыз ашу немесе ұстағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі деп күтілуде. Қазақстанда тіркелмеген және КЗ домені жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың сайттары мен қосымшалары ел аумағында тыйым салынатын болады. Букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың сыртқы жарнамасына тыйым салынады. Жарнама тек олардың кеңселерінде, спорт ғимараттарының ішінде және спортшылардың киімдерінде рұқсат етіледі. Ал медиа-жарнама тек спортқа маманданған БАҚ, интернет-ресурстар, телеарна мен радиостанция

арқылы ғана беріледі. Өзгерістерді мақұлдаған күннің өзінде, тоқтау болатыны күмән тудырады. Қуанышымызға орай, 2025 жылдан бастап, казино, ойын автоматын бизнеске айналдырғандар, тотализаторлар мен букмекерлік кеңселер салық төлеуге міндетті. Бұл құрылым мынадай мекемелерді камтиды:

Тақырыбымызға арқау болып отырған ойын автоматтары үшін салық мөлшері 60 АЕК, яғни 236 мың теңге болып белгіленген.

Казино – ойын бизнесінің ең танымал түрінің бірі. Ойын үстелі мен карталық ойынды ұйымдастыру арқылы үлкен пайда табатын бұл орындар мемлекетке айтарлықтай салық төлеуге міндетті. Әрбір ойын үстелі үшін салық мөлшері 1 660 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды, бұл 2025 жылы шамамен 6,5 миллион теңге.

Тотализаторлар – спорттық іс-шараларға бәс тігуді ұйымдастыратын орталықтар. Тотализатор кассалары үшін салық 300 АЕК немесе шамамен 1,18 миллион теңге болса, электронды кассалар үшін салық көлемі 4 000 АЕК-ке, яғни 15,7 миллион теңгеге жетеді.

Букмекерлік кеңселерде де ұқсас салық міндеттемелері бар. Әрбір касса үшін 300 АЕК немесе 1,18 миллион теңге, ал электронды кассалар үшін 3 000 АЕК немесе шамамен 11,8 миллион теңге салық төленеді.

Мұндай салық мөлшерлемелері ойын бизнесі субъектілеріне ауырталық тудырады. Дегенмен бұл шаралар арқылы мемлекет ойыншылардың санын азайтуға тырысады. Салықтың өсуі және заңды реттеудің қатаңдауы ойыншылардың санын шектеумен қатар, мемлекеттің бюджетіне айтарлықтай кіріс әкеледі.

Ойын автоматтарының зиянын тек заңмен шектеу жеткіліксіз. Басты мәселе – қоғамдағы мәдениет пен сана деңгейін өзгерту. Ойын автоматтарының оңай табыс көзі емес, өмірге қауіп төндіретін әдетке айналатынын түсіндіру керек. Әрбір адам өз ақшасының, уақытының қадірін біліп, ойын автоматтарының пайдасынан гөрі зияны басым екенін сезінуі тиіс.

Нұршат НЫШАНОВА

СУҒА САЛҒЫРТ ҚАРАСАҚ, КЕЛЕШЕК ШӨЛГЕ АЙНАЛАДЫ

Қызылорда облысында ауызсу мәселесі жыл сайын өзектілігін арттырып келеді. Өңірдегі ауыз су инфрақұрылымының тозуы, судың сапасы, заңсыз су тұтыну, тариф саясаты және суды үнемдеу мәдениетінің төмендігі жүйелі түрде шешуді қажет ететін негізгі мәселелердің қатарында. Бұл түйткілдер уақытылы шешімін таппаса, болашақта ауыз су тапшылығы күрделі экологиялық және әлеуметтік мәселеге айналуы мүмкін. Осы мәселеге назар аудару және нақты шешу жолдарын ұсыну мақсатында жуырда Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалының бастамасымен сараптамалық талқылау ұйымдастырылды.

Жинды ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Дәуренбеков ашып, ауыз судың ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететінін атап өтті. – Біз бүгінгі сараптамалық талқыны халықтың тіршілік көзі – ауыз судың сапасы мен қолжетімділігін талқылау үшін ұйымдастырып отырмыз. Қызылорда облысы – су ресурстары тұрғысынан күрделі аймақтардың бірі. Егер инфрақұрылымды жаңғырту, судың сапасын арттыру, тариф саясатын қайта қарау сияқты мәселелерге уақытылы назар аудармасақ, алдағы жылдары үлкен дағдарысқа тап болуымыз мүмкін, – деді ол. Дөңгелек үстелге сала басшылары, зертханалық сарапшылар, су ресурстарын басқару мекемелерінің өкілдері және қоғам белсенділері қатысты. Басқосу барысында өңірдегі ауыз су инфрақұрылымының тозуы, судың сапасын бақылау, тариф саясаты, заңсыз су тұтыну және суды үнемдеудің маңызы сияқты негізгі мәселелер көтерілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ТОЗУЫ: ТҮЙТКІЛДЕР ЖӘНЕ ЖАҢҒЫRTU ҚАЖЕТІЛІГІ

Жинды ең алдымен ауыз су инфрақұрылымының ескіргені сөз болды. Қазір Қызылорда облысында ауыз су құбырларының 30%-дан астамы ескірген. Топтық су құбырларының жалпы ұзындығы – 5757,06 шақырым, оның ішінде магистральдық құбырлар – 1979,15 шақырым, ал таратушы желілер – 3777,91 шақырым. Сонымен қатар оқшау су жүйелерінің ұзындығы 851 шақырым, олардың да тозу деңгейі 33,14%-ға жеткен. Бұл көрсеткіштер облыстағы ауыз су инфрақұрылымының айтарлықтай тозғанын көрсетеді.

«Қазушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары Бақытжан Бақишев бұл мәселені шешу үшін жүйелі жұмыс атқару қажеттігін айтты.



– Ескі құбырлар жиі жарылса, бұл су сапасына да кері әсер етеді. Ауыз судың ластану қаупі жоғары. Егер біз бұл инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын кешейілдетсе берсек, жәкын жылдары ауыз су тапшылығы күшейіп, халықтың тұрмыс сапасына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін, – деді ол. Жиның барысынан инфрақұрылымды жаңарту бойынша нақты ұсыныстар айтылды. Біріншіден, облыстағы су құбырларын кезең-кезеңімен ауыстыру және жаңғырту үшін арнайы инвестициялық бағдарлама қабылдау қажет. Екіншіден, магистральдық құбырларды жаңғырту жұмыстарына республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлу қарастырылуы тиіс. Үшіншіден, ауыз су құбырларын жөндеу және ауыстыру бойынша аймақтық жоспар әзірленіп, оның жүзеге асырылу мерзімі нақты белгіленуі керек.

СУДЫҢ САПАСЫ: МӘСЕЛЕ НЕГЕ ӨЗЕКТІ?

Қызылорда облысының ауыз су сапасына жүргізілген зерттеулер оның құрамында химиялық және микробиологиялық көрсеткіштердің белгіленген талаптарға сай келмейтінін көрсетті. 2024 жылы алынған 2 584 су сынамаасының 5-і микробиологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмесе, 2 590 сынамааның 64-інде санитарлық-химиялық талаптардан ауытқулар анықталған.

«Қазушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының

өкілі Бақытжан Бақишев бұл мәселе жөнінде: «Судың сапасына әсер ететін негізгі факторлар – құбырлардың тозуы, су тазарту қондырғыларының ескіруі және суды залалсыздандыру технологиясының жеткіліксіздігі. Бұл проблеманы шешу үшін бақылауды күшейтіп, заманауи су тазарту қондырғыларын орнату қажет», – деді.

Сарапшылар зертханалық бақылауды күшейту, судың құрамын тұрақты түрде тексеріп отыру және тазарту жүйелерін жаңғырту қажеттігін айтты. Бұл үшін жаңа зертханалар ашу және судың сапасын тексеруге бөлінетін қаржыны ұлғайту керек.

Суды үнемдеу және тарифті көтеру қажеттілігі айтылды.

2006 жылдан бері 1 текше метр су бағасы небәрі 30-40 теңге деңгейінде тұрақтап қалған. Бұл Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

«Қызылорда су жүйесі» мекемесінің өкілі Маржан Сырманова тарифті көтеру қажет екенін айтты: «Тарифтің төмен болуы халықтың суды бей-берекет пайдалануының басты себебі болып отыр. Біз судың шектеулі ресурс екенін түсінуіміз керек. Егер тариф кезең-кезеңімен көтерілсе, суды ұқыпты пайдалану мәдениеті қалыптасады», – деді ол.

Дөңгелек үстел барысында суды тиімді пайдалану үшін халыққа арналған насихат жұмыстарын күшейту, су есептегіш құралдарын орнатуы міндеттеу, ауыз судың тарифін біртіндеп көтеру арқылы инфрақұрылымға инвестиция тарту қажеттілігі айтылды.

Сараптамалық отырыс кезінде сала мамандары ауыз су мәселесін жүйелі түрде шешу қажеттігін алға тартты. Инфрақұрылымды жаңғырту, су сапасын бақылауды күшейту, тариф саясатын қайта қарау және заңсыз су тұтынумен күресті күшейту – бұл мәселелерді шешудің негізгі жолдары.

Сала мамандарының басқосуы нәтижесінде төмендегі ұсыныстар көтеріліп, маңызы жөнінде сөз болды.

Біріншіден, су тарифін кезең-кезеңімен көтеру қажет. Қазіргі 30-40 теңгелік тариф судың шынайы құнын көрсетпейді және оны ысырап етуге жол ашады. Тарифтің 70-120 теңге аралығына көтерілуі инфрақұрылымды жаңартуға мүмкіндік беріп, судың құндылығын арттырады.

Екіншіден, ауыз су инфрақұрылымын жаңғырту мен жаңа құбырлар салу кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі құбырлардың 30%-дан астамы ескірген, бұл су сапасына кері әсер етеді. Мемлекеттік қаржы және инвестиция тарту арқылы бұл мәселені жүйелі түрде шешу қажет.

Үшіншіден, трансшекаралық су ресурстарын әділ пайдалану жөніндегі келісімдерді күшейту керек. Сырдария өзенінің төменгі ағысына тұрақты су жіберуді қамтамасыз ету үшін көрші елдермен келісімдер нақты орындалуы тиіс.

Төртіншіден, суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мектептерде, мекемелерде суды үнемдеу жөнінде арнайы бағдарламалар енгізу қажет.

Бесіншіден, су есептегіш құралын орнатуы міндеттеу керек. Су есептегіш құралы жоқ үйлерде суды бақылаусыз пайдалану белең алуға соқтықтап бұл талап барлық тұрғынға міндетті болуы тиіс.

Алтыншыдан, заңсыз су пайдалану бойынша жауапкершілікті күшейту қажет. Кейінгі жылдары су ұрлығы мен рұқсатсыз қосылу фактілері көбейген. Бұл мәселеге қатаң бақылау жүргізіліп, айыппұлдар көлемі ұлғайтылуы тиіс.

Жетіншіден, кәріз жүйесін жаңарту және сарқынды суды тазарту жүйелерін жетілдіру керек. Кейбір елді мекендерде бұл жүйелер жоқтың қасы, ал барлары ескірген. Су ресурстарын тиімді пайдалану үшін тазарту қондырғыларын жаңғыртуды қолға алу керек.

Қызылорда облысы үшін су тапшылығы, инфрақұрылымның тозуы және тарифтің төмен болуы басты мәселелердің бірі. Жергілікті билік бұл ұсыныстарды назарға алып, жүйелі шараларды іске асыруы тиіс. Су – тек тұрмыстық қажеттілік емес, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі факторы. Сондықтан бұл мәселені жүйелі реформалар арқылы шешу – уақыт талабы.

Ерлаулет СӨРСЕНҰЛЫ,
ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының
баспасөз хатшысы

Басы 1- бетте

АЛТЫНАЙ ОРЫНБАЕВА:

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

ЕРЕКШЕ СЕРПІН БЕРДІ

– Мерейлі мерекеде алғаш рет Ақордада Президенттің қолынан марапат алу бұйырыпты. Алтынай, тарихи сәтте қандай сезімде болдыңыз?

– Бұл мен үшін ерекше жағдай болды. Салтанатты шараға шақырылғанымды естігенде «шынымен мені айтып тұр ма?» дегендей таңырап, сенер-сенбесімді білмей, тосылып қалғаным бар. Өзімді мұндай марапат алуға жасын деп ойладым ба, біразға дейін сене алмай жүрдім.

Салтанатты шараға Президент келген кездегі сезімді сөзбен жеткізе алмаймын. Теледидардан естіп жүрген даусын сол сәтте есту, өз көзіңмен көру басқа екен. Мемлекет басшысының «Құтты



болсын» деген сөзін естігенде менен бақытты адам жоқтай сезілді.

Сол жерде 40-тан астам әйел шараға қатысты. Соның ең жасы әрі ең соңғы марапат алатыны мен екен. Қатысушылардың бәрі марапатты алып болам дегенше, барар жолда құлап қалмасам екен деп уайымдап отырдым. Өрине, бұл менің сол сәттегі ішкі толқынысым еді.

Бұл жауапкершілігі бар марапат қой. Бұрынғыдан екі есе жұмыс істеуге ұмтылдыратыны рас. Кез келген қызметкер үшін мұндай құрмет еңбекке ынталандырып, алдағы күндерге серпін береді.

Бұл менің тілегімді тілеген ата-анамның еңбегінің қайтқаны деп те ойлаймын.

2022 жылы республикалық «Үздік оқытушы» байқауында бас жүлде иелендім. Содан бері тоқтаусыз жасалып жатқан жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік тілдің дамуына қосқан үлесім үшін осы марапатқа ұсынылған екенмін. Жас болсам да аға буынның мені қолдауы, осындай марапатқа ұсынылғаным қатты қуантты.

– Алтынай, сізді оқушы кезіңізден танимын. Сол кезде-ақ жарыстардан қалмай, жүлдегер атанып, журналдарға мақала жазып жүруші едіңіз. Одан кейін қайда білім алдыңыз, еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Арал ауданындағы №82 Қаратерен орта мектебінде білім алумен қатар шығармашылық қабілеттерім де дамыды деп айта аламын. Ұстаздарымыз мерейімізді өсіріп, әрдайым қолдау танытатын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлсара Құлдиярова бұл мамандыққа қызығуыма себеп болды. Оқушы кезде шығарма да жаздық, өлең де шығардық. Үнемі алда болсам екен деген мақсат болатын. 11-сыныпқа келгенде ұстазым әдеби шығармаларды талдағанда, рахаттанып тыңдайтынмын. Біреудің үйіндегі той туралы айтып жатқандай әдеби шығармаға қызығып, бірге талқылайтынбыз. Мектеп бітіргесін журналистикаға барғым келгенімен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі де болғым келді.

Осылайша А.Жұбанов атындағы университетке тапсырып, филология мамандығын меңгердім. Оқу ордасында «Жастар айнасы» деген газетке материалдар әзірлеп, радионың жүргізушісі болдым. 2019 жылы бакалавриатты бітіргесін, бірден жұмыс істегім келді. Бірақ әкем «жұмысты кейін істей берсең, оқуыңды жалғастырып оқып ал» деп қоярда қоймай магистратураға тапсырғанымда қалады. Қазіргі уақытта филология ғылымдарының магистрімін.

Еңбек жолым «Болашақ» жоғары колледжінде оқытушылықтан басталды. Ол жақта бір жыл

жұмыс істегеннен кейін облыстық тілдерді оқыту орталығы қызметкер іздеп жатқанын біліп, бақ сынап көрейін дедім. Конкурса келсем 27 адам қатысып жатыр екен. Тыңдалым, айтылым, оқылым дағдысы бойынша тест тапсырып, ауызша сұрақтарға жауап бердік. Әлі есімде, 90 сұрақтың 88-іне жауап беріп, екі кезеңнен де сәтті өттім. Осылайша орталыққа 2021 жылы оқытушы болып жұмысқа қабылдандым.

Ана тіліміздің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту мақсатындағы жұмыстарды ерекше құлшыныспен орындаймын. Соның нәтижесі болар, тілді дамыту бағытындағы жұмыстарды жауапкершілікпен атқаруға тырысып, байқауларға да жүйелі дайындықпен барамын.

2021 жылы «Орда» жоғары колледжінде оқытушылық қызмет атқара жүріп, «Үздік жас маман» конкурсына қатысып, бас жүлде иеленген болатынмын.

Ал тілдерді оқыту орталығына келгеннен кейін оқытушылар арасында өткен «Үздік жас маман-2022» байқауында жүлделі I орын иелену бұйырыпты. Осылайша республикаға жолдама алдым. Бір айдың ішінде авторлық бағдарлама, сабақтар дайындап, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық «Үздік оқытушы-2022» байқауының бас жүлде иегері атандым. Бұл – жыл сайын әр қалада дәстүрлі түрде өтетін байқау. Сол жылы Таразда ұйымдастырылып, оған 12 облыстан келген қызметкерлер қатысты. Арада 4-5 ай өткен соң орталықтағы ғылыми-әдістемелік бөлімнің басшысы болып тағайындалдым.



– Облыстық тілдерді оқыту орталығына келіп, кімдер тіл үйрене алады?

– Аймақтағы мекемелерде мемлекеттік тілде сөйлей алмайтын немесе сауатты жаза алмайтын қызметкерлер, өзге елден келген азаматтар, этнос өкілдері бар. Біз олардың деңгейлеріне қарай қазақ тілін үйретеміз. Орталықта орыс, ағылшын тілінің мамандары да еңбек етеді. Олар орысша, ағылшынша білмейтін адамдардың сауатты сөйлеп, жаза алуына көмектеседі. Тек мекеме қызметкерлері ғана емес, кез келген адам орталыққа келіп, тіл үйрене алады. Мысалы, шетелден келген оқытушылар да орталыққа келіп қазақ тілін меңгерді.

– Бұл қызмет ақылы ма?

– Орталық тегін қызмет көрсетеді. Ол үшін алдын ала мекемеден ұсыныс қажет. Орталықта оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік деген екі бөлім бар. Жеті ауданда да мамандарымыз еңбек етеді. Менің міндеттерімнің бірі – мамандардың тілді дамыту бағытындағы еңбектерін ғылымиландырып, тіл комитетіне ұсыну.

– Оқыту курстары тек орталықта жүргізіле ме?

– Біз мекемелерге арнайы барып та, курс өткізіп, тіл үйретеміз. Өзім оқытушы кезде шекара қызметкерлеріне жиі барып, сабақ өткізетінмін. Олардың арасында өзге этнос өкілдері көбірек. Жалпы мемлекеттік тілді меңгерудің А1, А2, В1, В2 және С1 жоғары деңгейі бар. Көбіне өзге ұлт өкілдеріне А1 деңгейінен бастап қазақ тілін үйретеміз. Сондай-ақ орыс және ағылшын тілін үйретудің де бірнеше деңгейі бар. Сабақ барысында тек түсіндіріп қана қоймай, диктант, эссе жаздырамыз. Бұрын 1 ай бойы оқытсақ, қазір

қысқартылған жүйе бойынша 14 күнде тілді меңгертеміз.

Қазіргі уақытта ғылыми-әдістемелік бөлімде еңбек еткендіктен ғылыми мақалалар дайындауға баса мән беремін. Сондай-ақ тоқсан сайын ғылыми кеңес өткіземіз. Ғылыми кеңес мүшелерінің арасында Жанар Исаева, Аман Абасилов, Алдажар Әбілов сынды белгілі ғалымдар бар.

Өткен жылы тағамдардың атауын қазақшалап, «Тағам атауларының сөздігін» шығардық. Қазақша тағам атауларының 271 сөздігі ресми түрде бекітіліп, www.termincom.kz сайтына жарияланды.

Қазір ас мәзірінде тағамның қазақша атауы да міндетті түрде жазылуы қажет, сондықтан осы бағытта бізге хабарласатын кәсіпкерлер көп деп айта аламын.

2024 жылдың аяғында бізді қуантқан жаңалықтардың бірі орталық директорының орынбасары Жаныгүл Ерекешовамен бірлесіп дайындаған «Сөз және сөйлеу мәдениеті» атты оқу құралымыздың жарық көруі еді. Бұл еңбекте шұрайлы әрі таза сөйлеу, көпшілік ортада өз ойыңды жеткізу, дәлелді тұжырым айтуға үйрететін тапсырмалар мен мысалдар бар.

Қазіргі уақытта тағы бір ғылыми еңбекті дайындаудамыз. Жалпы тіл үйрету мақсатындағы оқу құралдарын әзірлер кезде осыған дейінгі тәжірибелерді ескеріп, арнайы тапсырмалар құрастырамыз. Өрине, оны алдымен ғылыми кеңес мүшелері талдап, талқылайды, одан кейін



Байқауларға қатысу үшін басқа қалаларға баруға тура келеді. Ғылыми еңбек дайындау үшін де көп уақытыңды арнайсың. Мұндайда жолдасым барынша түсіністік танытады. Кейде жарысқа аттанар алдында қобалжып жүргенімді байқап, «Қатыса бер, қолыңнан келеді. Бас жүлде сенікі» деп үлкен сенім артады. Ол осылай үміт артып тұрғанда, қалып қоюға бола ма?! Намысқа тырысып, қалайда жеңімпаз болғың келеді. Астанаға барып, марапат аларда «балаға өзім қараймын, алаңдама» деп наертенгі 7-ден кешкі 7-ге дейін қызымызға өзі қарады. Жақын адамның осындай қолдау көрсетіп, сенім артуы маған үлкен мотивация береді.

Ең бірінші баланың жетістікке жетуі, оның жолын ашуы ата-анаға байланысты. Әкем мен анам да «сенің қолыңнан келеді» дегенді көп айтатын. Бұрын марқұм әкеме бірінші хабарласып, жаңалықтарымды айтып отырсам, қазір анама хабарласамын. Бакалавриатты да, магистратураны да ақылы түрде оқыдым ғой. Сонда әкем «мен ішіп-жемесем де, сен оқуың керек. Өйткені қыз баласың, тұрмыс құрамын дегенше білім ал» дейтін. Ата-анамның батасы, жолдасымның қолдауы, жұмысның сенім артуы маған үлкен серпін береді.



– Алдағы мақсатыңыз туралы да айтып берсеңіз..

– Орталыққа жұмысқа келгеніме биыл 5 жыл болады. Ғылыми бөлімге келгендіктен бе, тіл білімі саласындағы зерттеулер ұнай бастады. «Мына сөз былай жазылмайды екен», «мына сөздің қолданыс аясы дұрыс емес екен» деп ғылыми еңбектерге зер салып жүремін. Қоғамдық орындарда, көшеде сөздерді оқып жүру әдетке айналып кетті. Жарнамалардан, дүкендердің атауларынан қате көрсем, уақытым болса, сол ғимаратқа кіріп, «егер бізге мәтінді алдын ала берсеңіздер, өңдеп берейік» деп ұсыныс жасаймын. Кейде осылай жүріп, елдің мазасын алатын маман болып кетпесем болар деп алаңдап та қоямын. Бірақ тілдің тазалығы үшін барынша тиянақты еңбек етуге тырысамын. Бұл менің кәсіби міндетім ғана емес, ел алдындағы парызым.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

Мектеп – бала болашағының бағдаршысы. Білім алу процесінде әр оқушы келешекке қадам бастайды. Сараланып қабылданған шешімдердің нәтижесінде мектеп бағдарламасына енгізілген бұл пәндердің өзіндік орны бар. Солардың қатарында тірі табиғаттың пайдасын пайымдауға бейімдейтін пән – биология пәні. Ал осы ғылымның өмірдегі маңыздылығы қандай?

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨМІРДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Биология – тірі организмдерді, олардың құрылысын, қызметін, дамуын және өзара байланысын зерттейтін ғылым. Бұл ғылым саласы адам өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол біздің қоршаған ортаны, денсаулығымызды, ауыл шаруашылығын және биотехнологияны дамытуға тікелей әсер етеді.

Осы саланы сөз етсек бірінші кезекте адам денсаулығы мен медицина саласы ойға оралады. Биология адам ағзасының жұмыс істеу принциптерін зерттеу арқылы медицинаның дамуына ықпал етеді. Генетика, микробиология, иммунология және фармакология сияқты салалар ауруларды анықтау мен емдеуде маңызды рөл атқарады. Ғылыми зерттеулердің арқасында жаңа дәрі-дәрмектер, вакциналар мен емдеу әдістері жасалуда.

Одан кейін ауыл шаруашылығы мен тамақ өндірісі осы саланың дамуымен байланысты. Өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық ерекшеліктерін зерттеп, өнімділікті арттыруға көмектеседі. Агрономия, селекция және биотехнология ғылымдарының дамуы нәтижесінде жаңа, төзімді сорттар мен жоғары өнімді мал тұқымдары өсіріледі. Сондай-ақ биология ауыл шаруашылығында экологиялық таза әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Мұнан бөлек, қоршаған ортаны қорғау, экология – биологияның маңызды салаларының бірі. Адамның табиғатқа әсерін зерттеу арқылы ғалымдар экожүйелерді сақтап қалу және

қоршаған ортаны қорғау жолдарын ұсынады. Климаттың өзгеруі, орман жойылуы, ластану мәселелері – биология ғылымының көмегімен шешілетін өзекті проблемалар.

Ғылымның дамуы биотехнология және инновациялар жаңашылдыққа бастайды. Биотехнология медицинада, ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте үлкен жаңалықтар әкелді. Гендік инженерия, жасушалық технологиялар және микробиологиялық әдістер өмір сапасын жақсартуға көмектесуде. Мысалы, гендік терапия ауыр тұқым қуалайтын ауруларды емдеуге мүмкіндік береді.

Эволюция және тіршіліктің дамуы да биология адамның табиғаттағы орнын және эволюциялық дамуын түсінуге көмектеседі. Эволюциялық теориялар арқылы тірі организмдердің қалай өзгеретінін және қоршаған ортаға қалай бейімделетінін зерттейміз.

Биология – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Ол денсаулық сақтау, экология, ауыл шаруашылығы және технологиялар саласына маңызды жаңалықтар әкеледі. Сондықтан биологияны терең зерттеу адамзаттың болашағы үшін өте маңызды. Бұл ғылымның жетістіктері болашақта жаңа мүмкіндіктер ашып, өмір сүру сапасын жақсарту түсетіні сөзсіз.

Райқұл АЙДАРБЕКОВА,
№132 Т.Айтбаев атындағы мектептің биология пәнінің мұғалімі

ЕРЛІК – ЕЛГЕ ҰРАН, ҰРПАҚҚА МҰРА

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Патриот ұрпақ, рухты жастар, жарқын болашақ» тақырыбында ерлік сабағы өткізілді.

Ерлік сабағына ҚР Қарулы күштерінің Құрметті ардагері, «Қарулы Күштерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Мыңділда Ршауов, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы подполковник Мақсат Бокаев, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің кіші сержанты Әскербек Абилов пен Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің археографы Айнұр Алиасқарова қатысты.

Жастар кездесу барысында кең байтақ жеріміздің шебін қорғап жүрген шекарашылар туралы бейнероликті тамашалап, архив материалдарымен, құнды мәліметтермен танысты.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ерлік сабағында ел тарихындағы ең маңызды оқиға – Ұлы Отан соғысындағы ерлік пен батырлықты еске алды. Жеңіс – сол соғыста өмірін қиған барша жауынгерлер мен бейбіт тұрғындардың ауыр тағдыры мен ұлы еңбегінің нәтижесі.



Биыл Жеңіс мерекесіне – 80 жыл. Жанқиярлықпен келген, бейбіт күнді сыйлаған бұл тарихи сәтті біз тек бір күн ғана айтып қоймай, мәңгі жадымызда сақтауымыз қажет. Қазақ халқында «Тарихын білмеген елдің болашағы бұлыңғыр» деген сөздің салмағы бар. Себебі ел ағаларымен жүздесіп, еркін ой-пікірлесу, өткен тарихты ашық аспан астында, бейбіт заманда тыңдап, білу сол батыр бабаларымыздың ерен еңбегі мен жігерлілігін арқасы.

Ұлан-ғайыр жерімізді аманат еткен батыр бабаларымыз ғасырлар бойы елдің тұтастығын қорғап, шекараны сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсінді. Олар елдің тыныштығы үшін жан аямай күресті. Осыған орай, қазіргі шекара қызметі бұл ерлікті құрметтеп, оны сақтап, қорғауды өз міндеті санайды.

Осындай тағлымды шаралар бізге тарихымызды тереңірек танып, бейбіт өмірдің қаншалықты құнды екенін түсінуге көмектеседі. Бүгінгі жастар батыр бабалардың ерлігін ұмытпай, олардың өнегелі ерлік жолын жалғастыруы керек. Осындай кездесулерді жиі ұйымдастыру жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде өте маңызды деп ойлаймын. Елін сүйетін, еліне қызмет ететін жалынды жастарымыз көп болсын!

Жанерке НҰРЛАНҚЫЗЫ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Филология» бөлімінің 1-курс студенті,
«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшесі


Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ұсынып, оқыту әдістерін түбегейлі өзгертуде. Кейінгі жылдары жасанды интеллект білім саласында ерекше рөл атқарып, оқушылардың оқу процесін жекешелендіруге, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге және оқыту сапасын арттыруға ықпал етіп отыр. Жасанды интеллект тек автоматтандырылған жүйе емес, ол – адамның ойлау қабілетін жетілдіретін, жаңа білім көзін ашатын құрал. Белгілі ғалым Альберт Эйнштейн «Білім – мектепте алған білімнің жиынтығы емес, ол – өмір бойы үйрену қабілеті» деп айтқан. Жасанды интеллект дәл осы қағиданы қолдай отырып, білім алудың шексіз мүмкіндіктерін ашуда.

Жасанды интеллект білім саласында ең алдымен жеделендірілген оқыту әдістерін дамытуға көмектеседі. Әр оқушының білім алу деңгейі әртүрлі болғандықтан, жасанды интеллект оқушылардың қабілеттеріне қарай бейімделген бағдарламаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Google компаниясы әзірлеген жасанды интеллект негізіндегі «Google Classroom» платформасы мұғалімдерге оқушылардың оқу деңгейін талдауға және әрбір оқушыға жеке тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқу сапасын жақсартып, оқушылардың білім деңгейіне сай білім алуына жағдай жасайды. Білім беру саласындағы жасанды интеллекттің тағы бір маңызды қолдану аясы – бағалау жүйесін автоматтандыру. Қағаз жүзінде тест тапсырмаларын тексеру мұғалімдерге үлкен жүктеме болатыны белгілі. Ал жасанды интеллект негізіндегі жүйелер тапсырмаларды жылдам бағалап, мұғалімдерге оқушылардың әлсіз және күшті жақтарын анықтауға көмектеседі. Бұған мысал ретінде «Turnitin» жүйесін келтіруге болады. Бұл жүйе студенттердің жұмыстарын плагиатқа тексеріп қана қоймай, олардың жазба дағдыларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар береді.

Жасанды интеллект мұғалімдердің де жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Мұғалімдер көптеген әкімшілік жұмыстарға уақыт жұмсайды, ал жасанды интеллект олардың орнын басып, уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Siri» және «Alexa» сынды виртуалды көмекшілер мұғалімдерге сабақ жоспарларын құруға, қажетті ақпаратты іздеуге және оқушылардың сұрақтарына жедел жауап беруге көмектеседі. Бұл мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқыту процесіне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

ЖИ қашықтан оқытуды жаңа деңгейге көтеруде. Әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн оқыту жүйелері білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды. «Coursera», «Udemy», «Khan Academy»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ САЛАСЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?



секілді платформалар жасанды интеллектті қолдану арқылы оқушыларға бейімделген оқыту мүмкіндігін ұсынды. Мұндай платформалар әр оқушының қажеттілігіне қарай бейімделіп, оқу материалдарын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл дәстүрлі білім берудің шекарасын кеңейтіп, оқушыларға әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға жағдай жасайды.

Жасанды интеллект білім беру жүйесіндегі инклюзивтілікті арттыруға да ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы бағдарламалар жасалып, олар білім алу процесіне толыққанды қатыса алатын жағдай туындайды. Мәселен, «Google Voice» және «Microsoft Translator» сияқты технологиялар көру немесе есту қабілеті шектеулі оқушыларға білім алуға көмектеседі. Бұрын мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге қолжетімділігі шектеулі болса, қазір жасанды интеллект оларға тең мүмкіндік береді. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану кейбір сынға да ұшырап жатқандығы көбімізге мәлім. Кейбір ғалымдар мұғалімдердің орнын жасанды

интеллект алмастыра алады деген пікір білдіруде. Дегенмен белгілі педагог Л.С. Выготский «Оқыту тек білім беру емес, ол – адамды қалыптастыру процесі» деп атап өткен. Мұғалімдер оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, оларды адамгершілікке, жауапкершілікке және қоғаммен қарым-қатынас жасауға үйретеді. Сондықтан жасанды интеллект мұғалімдердің орнын толықтай алмастыра алмайды, керісінше, олардың жұмысын жеңілдетіп, тиімділігін арттыратын құрал ретінде қызмет етеді.

Жасанды интеллектті білім беру жүйесінде қолдану мәселесін өмірден алынған мысалдар арқылы қарастыруға болады. Кейбір елдерде жасанды интеллектке негізделген мектептер ашылууда. Мысалы, Қытайда «Смарт-мектептер» жобасы енгізіліп, барлық оқу процесі жасанды интеллект арқылы басқарылууда. Мұндай мектептерде оқушылардың оқу үлгерімі арнайы жүйелер арқылы бақыланып, олардың қабілеттеріне қарай оқыту әдістері өзгертіледі. Бұл әдіс оқушылардың жеке қабілеттерін барынша ашуға

және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда да жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу бойынша бірқатар жоба қолға алынууда. Электронды күнделік, онлайн платформа және сандық оқыту құралдары оқушылар мен мұғалімдерге білім беру процесін жеңілдетуге көмектесуде. Университеттер жасанды интеллектті қолдана отырып, онлайн курстарды жетілдіруде. Алайда бұл технологиялардың тиімділігін арттыру үшін инфрақұрылымды жақсарту, мұғалімдерді жаңа технологияларды қолдануға үйрету және цифрлық сауаттылықты дамыту қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының «Білімдіге дүние жарық» деген нақылы жасанды интеллект дәуірінде өзектілігін жоймайды. Жасанды интеллект білім беруді түбегейлі өзгертіп, оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Алайда оның адам факторын алмастыра алмайтыны анық. Білім – тек ақпарат алу емес, ол – адамның тұлғалық дамуы. Сондықтан ЖИ білім беру жүйесіне көмекші құрал ретінде қарастырылып, оны тиімді пайдалану басты міндет болып қала бермек. ЖИ мен адам еңбегінің үйлесімділігі ғана сапалы білім беруге және жаңа инновацияларды дамытуға мүмкіндік береді.

Аяулым ЖАСБОЛАТҚЫЗЫ,
М.Дүйсенов атындағы
№15 мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы

«Ақмешіт жастары» газетінің 13 наурыз 2025 жылғы №10 санындағы «Айзере Найзабек: Елімізде NSDA жүйесін қалыптастырғым келеді» материалында кейіпкердің аты-жөні Айзере Найзабай болып түзетіліп оқылсын.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ
«ТМdzain» ЖШС (БСН 180840008940) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі 7 А үй, 44 пәтер (офис).

Басы 1-бетте

Ажырасу деңгейі әсіресе қала тұрғындары арасында жоғары. Оның ішінде ірі мегаполистерде, атап айтқанда Алматы, Астана және Шымкент қалаларында ажырасу саны ауылдық жерлерге қарағанда анағұрлым көп. Мұның басты себептерінің бірі – әлеуметтік және экономикалық қысымдар, сонымен қатар отбасылық құндылықтардың өзгеруі дейді мамандар.

Статистика не дейді?

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2022 жылы шаңырағы шайқалғандар саны 18 мыңға жуықтаса, 2023 жылы олардың саны 16 мың 700-ге кеміген.

2023 жылы Қазақстанда АХАЖ органдары 120,8 мың некені тіркелді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 5,9%-ға аз. Ал былтыр, яки 2024 жылы 123,6 мың неке тіркелген. Шаңырақ көтергендер саны сәл де болсын артқаны, әрине, көңіл қуантарлық жайт. Дегенмен қиынған некенің барлығы бірдей қиындықсыз өмірге ұласып, баянды бақытқа жетпейтіні өкінішті...

Өңірлер арасында некелесу бойынша Алматы қаласы алда көрінеді. Мұнда 2023 жылы 13,1 мың неке тіркелсе, екінші орында Түркістан облысы 11,8 мың және Астанада 10,4 мың неке тіркелген. Ең аз неке Ұлытау облысында, небәрі 1,5 мың дейді Ұлттық статистика бюросы.

Нақты мәліметтер бойынша, 2023 жылы қалалық жерлерде 80 мың, ауылдық аймақтарда 40,8 мың неке тіркелген. Ал 2024 жылы тіркелген некелер саны қалалық жерлерде 82,1 мың, ауылдық жерлерде 41,5 мыңға артқан көрінеді.

Тақырыбымызға арқау болып отырған ажырасу мәселесіне келер болсақ, 2023 жылы олардың саны 2022 жылмен салыстырғанда 9,6%-ға азайып, 40,2 мыңды құрады. Қалалық жерлерде 29,4 мың, ауылдық жерлерде 10,8 мың ажырасу тіркелген. Мәселен, 2023 жылы 1000 некеге 333 ажырасу сәйкес келсе, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 347 болған.

Сондай-ақ былтырғы мәліметтерге сүйенсек, елімізде неке киюмен қатар ажырасу мәселесінде де Алматы қаласы көш бастап тұр. Ал екіге бөлінгендер ең аз тіркелген аймақ тағы да Ұлытау облысы.

– Арада ашық әңгімелесу, байланыс, мәміле жоктығынан адамдар ажырасады. Түптеп келгенде басты себеп осы. Маған консультацияға қаншама адам келеді. Маман ретінде мән-жайға үңіліп қарасаң, барлығының астарында ішке жиналып қалған реніш, айтылмай қалған өкпе тұрады, – дейді отбасылық психолог Ержан Мырзабаев.

Ал былтыр, 2024 жылы ажырасқандар саны 40,5 мыңға жеткен. Қалалық жерлерде 30,1 мың ажырасу тіркелсе, ауылдық жерлерде – 10,4 мың ажырасу жағдайлары орын алған.

Неке ұзақтығы бойынша ажырасудың ең көп үлесі, нақтырақ айтқанда 35%-ын 2-4 жыл аралығында некеде тұрған отбасылар құраған. Ал 25%-ы 5 жыл мен 9 жыл аралығында бірге тұрғандар, тағы 8%-ы неке тіркелгеннен кейін бір жыл ішінде ажырасқан жұптар.

Жалпы, кейінгі жылдары ажырасу санында аздап өзгеріс байқалғанымен, еліміздегі бұл көрсеткіші әлемдік деңгейде жоғары болып қала берді.

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК...

Шаңырақтың шайқалуына не себеп?

Отбасын сақтау – әрбір ерлі-зайыптының ортақ жауапкершілігі. Алайда неке түрлі себептерге байланысты бұзылып жатады. Талдаулар бойынша ажырасудың бізге мәлім бірнеше себебіне зер салып көрейік.

Алғашқысы әрі ең көп таралғаны – ерлі-зайыптылардың бір-бірін толық түсінбеуі және қарым-қатынастағы үйлесімсіздік. Бұл көбінесе жастардың асығыс шаңырақ көтеруінен және бір-бірінің мінезін толыққанды танымауынан туындайды.

Сонымен қатар елімізде ажырасуға әкелетін негізгі факторлардың бірі – отбасындағы зорлық-зомбылық. 2023 жылғы деректер бойынша, әйелдердің 51%-ы ажырасу себептерінің қатарында тұрмыстық зорлық-зомбылықты атаған. Бұл мәселе әсіресе экономикалық тәуелділікке байланысты отбасыларда жиі кездеседі.

айналыс. Немесе екеуіміз де жұмыс істейік, үй шаруасына адам жалдайық. Бұл шаруаны қалай реттейміз?» деген секілді келісім болуы керек. Қарым-қатынаста екі тараптың да көзқарасы ескерілуі тиіс. Осындай жағдайларға арнайы аптасына бір рет екеуара жиналыс жасап, өткен аптаға есеп беріп, келер аптаға жоспар құру қажет. Бұнда ең басты мақсат – жұбайлардың ақылдасуы, бір-бірінің ой-пікіріне мән беруі. Екеуі тату болса балалар да жақсы, балалардың ата-әжелері де уайымсыз, туған-туыс та тыныш... Айналып келгенде қоғам да жақсы жағғына өзгереді, – дейді психолог Ержан Мырзабаев.

Иә, ажырасу тек екі адамның өміріне ғана емес, жалпы қоғамға да әсер етеді. Оның ішінде ең қатты зардап шегетіні – балалар. Ата-ананың ажырасуы олардың эмоционалдық дамуына, оқу үлгеріміне және болашақ қарым-қатынасына теріс әсер етеді. Сондай-ақ шаңырақ көтеруге ниетті, жаңа өмірге қадам басқалы отырған жастар да бұл жайға куә болып, отбасы институтына деген сенімін жоғалтуы мүмкін. Ажырасқаннан кейін ер адамға қарағанда көбіне әйелдер мен балалар материалдық қиындықтарға тап болып жатады. Ал жалғызбасты ана мұны еңсеруде бала тәрбиесінен тыс қалуы бүгінде көңіл алаңдататын жайтқа айналып отыр.

Қайтпек керек?

Ажырасу деңгейін төмендету үшін бірнеше маңызды шараны қолға алуды ұсынар едік. Мәселен, мектептерде және жоғары оқу орындарында отбасы құндылықтары туралы арнайы курстар енгізу арқылы жастардың болашақта саналы шешім қабылдауына ықпал ете аламыз. Сондай-ақ ажырасудың алдын алу үшін мемлекет тарапынан тегін психологиялық кеңес беретін орталықтар ашу қажет. Мұнда отбасыларға түрлі қиындықтарды шешуге көмектесіп, білікті мамандардан кеңес алу мүмкіндігі қарастырылады.

Ажырасуға арыз беру мен сот шешімдерін шығару қысқа мерзімде жүзеге асатын шаруа. Бұл процестің жеңілдігі мен оңай рәсімделетіні сонша, асығыс жасаған қадамы үшін өкінетіндер аз емес. Осы аралықта дайындалатын құжаттар қатарына қос тараптың да медиация мамандары мен отбасылық психологтың қабылдауында болғаны жайлы анықтама қағазын қосуды ұсынар едік. Әрине, бұл – жеке пікірім... Дегенмен тырнақтай болса да септігін тигізеді деп сенемін.

Атап өткеніміздей, бүгінде ажырасудың басты себебінің бірі қаржылай қиындық. Осы тұрғыда отбасылардың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы көптеген жанжалдың алдын алуға болады. Бюджетті дұрыс басқаруды үйрету – ажырасу деңгейін төмендетудің тиімді жолдарының бірі болар ма еді кім білсін...

Ал тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі еліміздегі әрбір үшінші, тіпті екінші ажырасудың себебіне айналғаны қиынжылтады. Бүгінде оның құрбандарына қолдау көрсететін бағдарламалар күшейтіліп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қорғауға алу басты назарға ілікті. Оның дәлелі, 2024 жылы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға



Отбасылық қаржы мәселелері ажырасуға себеп болатын негізгі факторлар қатарында үшінші орынға жайғасқан.

Елімізде көптеген отбасы несие мен қарыз арқалап өмір сүреді, бұл ерлі-зайыптылар арасында жанжалдың жиі туындауына себеп. Ер азаматтың немесе әйелдің тұрақты табыс көзінің болмауы, материалдық қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы – ажырасуға әкелетін басты қозғаушы күштердің бірі.

Шаңырақтың шайқалуына түрткі болып отырған факторлардың тағы біреуі – некедегі опасыздық. Нақтырақ айтқанда көзге шөп салу. 2023 жылғы әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде, ажырасқан адамдардың 47%-ы ажырасуға себеп серігінің опасыздығы екенін айтқан.


Сондай-ақ құмар ойындарға, ішімдікке немесе есірткіге тәуелділік те отбасылық өмірді бұзатын факторлар қатарына еніп отыр. Ажырасудың 38%-ында осындай себептер аталған. Бұл жағдайда көбіне ер адамдар жауапкершіліктен қашып, отбасын асырау міндетінен бас тартады.

– Отбасындағы «сау қарым-қатынас» әйелінді немесе күйеуінді дос ретінде қабылдаудан басталады. Бір-бірі үшін істеген жұмысын міндетсізбеу керек. Оны жақсы көргенің үшін жасайсың. Әйел «тамақ істедім, үй жинадым» деп міндетсізбейді, күйеуі «жұмыс істеп, ақша тауып жатырмын» деп міндетсізбейді. Ол сенің әйел не күйеу ретінде атқаратын міндетті функция. Отбасын құрғаннан кейін біз белгілі бір міндеттерді бөлісеміз. «Мен жұмыс істеп ақша табайын, сен үй шаруасымен

Ажырасу бойынша көрсеткіш. 2024

Место	Страна	Көрсеткіш
1	Мальдивы	5,52
2	Қазақстан	4,60
3	Россия	3,90
4	Беларусь	3,50
5	Китай	3,20
6	Молдова	3,00
7	Украина	2,90
8	Литва	2,80
9	Кипр	2,60
10	Соединенные Штаты	2,50
55	Кыргызстан	1,60
67	Азербайджан	1,40
68	Таджикистан	1,40
80	Узбекистан	1,10
84	Армения	1,10
103	Кения	0,06
104	Мозамбик	0,04
105	Индия	0,01

Дереккөз: Ranking.kz



Тіркелген некелесу мен ажырасу көрсеткіші

Дереккөз: Ranking.kz

Аружан ОРАЛБАЙ

ШАҢЫРАҚ КҮНІ: ЖАСТАР НЕКЕ ҚИДЫ



Наурызмананың онкүндігі аясында «Шаңырақ күні» Отбасы орталығында «Берекелі шаңырақ – ел бірлігі» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл күн отбасы құндылықтарын, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге бағытталған.

Отбасы – бұл әр адамның өміріндегі басты құндылық, күш, қуат көзі. Ал шаңырақ – береке мен бірліктің символы. Қазақ халқы отбасының адам өміріндегі маңыздылығын, болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін терең түсінген. Шаңырақтың биік, керегенің кен болуы – берекелі өмірдің белгісі. Осы күні әрбір отбасы ата-бабадан қалған асыл мұраларды еске алып, дәстүрлі құндылықтарды дәріптейді.

Осыған орай, Отбасы орталығында өткен іс-шарада көрермен назарына «Наурыз жыры», «Саумалық», «Алас-тау», «Неке кино» рәсімдері секілді 7 түрлі дәстүр көрсетіліп, әрқайсының мән-мағынасы түсіндірілді.

Тағылымға толы жеті басқұр биіктеліп, «Қара шаңырақ» құндылығы,

киесі дәріптелді. «Алтын той» иелері және «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қатысушылары Алиевтер отбасымен сүбелі сұхбат өрбіп, тәлімі терең отбасының негізін қалаған адал адамдар насихатталды.

Статистикалық мәліметтерге тоқталсақ, Былтыр Қазақстанда 123,6 мың неке тіркелген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға артық. Орташа неке жасы: ерлер – 27,9 жас, әйелдер – 25,2 жас. Сондай-ақ ең көп неке шілде айында тіркелген екен.

Мерекелік жиында отау құруға ниетті жастардың некесі қиылды. АХАЖ бөлімінің мамандары қалыңдық пен күйеу жігітке куәлік табыстап, «Алтын той» иелері ақ батасын берді.

«АЖ» ақпарат



Есқара БЕЙБИТОВ:

ТӘУІП ЖӘНЕ ШӘРІП —
ОЙ САЛАТЫН ТҮЫНДЫ

Несін жасырамыз, бүгінде әлеуметтік желіде өзін танытып, жақсы контент жасай білген жандарға еліктейтіндер аз емес. Дегенмен барлығы дерлік бірдей сапалы дүние ұсынбайды. Нәтижесінде «құндылығы аз, тәрбиелік мәні жоқ ақпараттық медианың халыққа берер пайдасы қандай?» деген маңызды сауал туындайды. Осы тұрарлықта қызылордалық танымал әзілкер Есқара Бейбітовпен әңгіме-дүкен құрудың сәті түсті.

— Шығармашылығыңыздағы алғашқы қадамдарыңыз туралы айтып берсеңіз. Домбырада қызықты ән айту идеясы қайдан туыды?

— Өнер – Алланың маған берген қасиеті, ол ата-бабамнан дарыған мұра. Атам мен әжем сөзге жүйрік, шешен жандар еді. Әжем атамды айтыста жеңіп, кейін екеуі рухани серік болып, бір-біріне ақ өлеңмен шабыт берген. Бұл өнер деген сүйіспеншілік маған да дарып, Есқара Бейбітов есімімен халыққа танылуыма жол ашты.

Блогерлікке келер болсам, өзімді блогер деп санамаймын. Керісінше, актерлік қырымды ашып, өнерімді әр қырынан көрсету үшін әлеуметтік желіні пайдаланып келемін. Басты мақсатым – халыққа мотивация сыйлау. Ойымды ән арқылы жеткізуді жөн көремін. Мәселен, «Сән демал», «Рисковать ет», «Жол азығы» секілді әндерім тыңдарманға жігер беру мақсатында жарық көрген туындыларым.

Домбырамен ән айту идеясы мектепте басталды. Домбыра үйірмесіне қатысып, кейін студенттік шақта ескі әндерді жаңғыртуға бел будым. Алғашында терме мен насихат өлеңдерді орындадым, бірақ көпшілік жылы қабылдай қоймады. Кейін 80-90 жылдардың әндерін домбырамен шырап, оларға заманауи рең беруге тырыстым. Бұл бастама «TikTok» желісінде кеңінен таралып, ТМД елдеріне дейін танылды.

Ең басты арнамым – домбыраны әлемге таныту еді. Қазақтың төл өнерін дәріптеп, ұлттық мұраны келер ұрпаққа жеткізу – менің шығармашылығымның алтын арқауы.

— Жайдармандағы тәжірибеніз шығармашылығыңызға қандай әсер етті? Университет қабырғасында басталған бұл жол сіздің болашақ бағытыңызды анықтауға ықпал етті ме?

— Шығармашылығымды шындаған мектеп деп «Жайдарманды» атар едім. Себебі мұнда еркіндік бар. Бойындағы кез келген қасиетті паш етуге мүмкіндік береді. Еш қысылмайсың һәм сені айтқан ойың немесе әзілің үшін ешкім сынамайды. Ал бұл тұлғалық тұрғыда шыңдалу үшін қажетті еркіндік. Бүгінде сахна менің күнделікті өмірімнің бір бөлшегі. Форс-мажор жағдайлар жиі орын алып тұратындықтан, кез келген сәтте жоқтан бар жасауға дайынмын.

Көңілді тапқырлар алаңындағы жолым да мектеп қабырғасында жүрген кезде басталды. Алайда нағыз «Жайдарманды» Қорқыт ата университетіне оқуға түскен кезде көрдім. 2011 жылдан бастап теледидарға шықтық, кейіннен университетке бірнеше жүлде сыйлады. Бұл – менің студенттік шағымның ұмытылмас кезеңдері еді.

«Жайдарман» мен үшін үлкен мектеп болды. Ол маған тек әзілдеуді ғана емес, орынды сөйлеп, ойымды анық жеткізуді үйретті. Кез келген жағдайды алдын ала бағамдап, қиын сәттен тапқырлықпен шығуға баулыды. Бұл өнер алаңы өмірлік тәжірибемді шыңдап, сахна мәдениетін меңгеруге септігін тигізді. Сондықтан да «Жайдарманға» шексіз алғысымды білдіремін. Ол менің өнер жолымдағы берік баспалдақтардың бірі болды.

— «Тәуіп және Шәріп» фильмі көзі қаракты көрерменге не береді?

— Кино түсіру – менің асақ армандарымның бірі. Міне, сол

арманның жүзеге асатын сәті де келіп жетті. Алдағы уақытта көрермен назарына «Тәуіп және Шәріп» атты фильм ұсынылмақ. Атауынан бөлек, киноның түпкі мәні – қоғамдағы өзекті мәселе, яғни алаяқтық жайында болмақ.

Бүгінде алаяқтық әртүрлі сипатта кең таралып, үлкен әлеуметтік дертке айналып отыр. Оның сан алуан түрі бар, ал адамдардың көпшілігі оған психологиялық тұрғыда төтеп бере алмай жатады. Біз тәуіптерді де алаяқтықтың бір түрі деп қарастырамыз, себебі адам өз тілегін өзге адамнан емес, тек Алладан сұрауы керек. Осы фильм арқылы көрерменді сенімсіз жандардан сақтануға, алаяқтардың арбауына түспеуге шақырамыз.

Бұған дейін Мұхтар Шахановтың «Бақсы» атты поэмасының желісі бойынша қойылған спектакльде бақсының рөлін сомдап, өнер байқауында Бас жүлдені иеленген едім. Сол сәттен бастап тәуіптің образын кино тілінде жеткізгім келді. Әзіл мен кино әлеміндегі әріптестеріммен бірлесіп, осы идеяны толықтырып, фильмнің сұлбасын жасадық.

Алла қаласа, 27 наурыздан бастап еліміздің барлық кинотеатрларында «Тәуіп және Шәріп» көрерменге жол тартады. Бұл кино – қоғамға ой салатын туынды. Фильм көрерменді ойландырып, қоғамдағы өзекті мәселеге назар аудартуға септігін тигізеді деп сенемін.

— Шабыт – шығармашылық тұрғы үшін маңызды құндылық. Шығармашылық процессте сіз үшін ең маңыздысы не? Ән, вайн немесе кино түсіру кезінде ең қиын, қызықты сәттер туралы айтып беріңізші...

— Шығармашылық процессте белгілі бір дүниені ең маңызды деп нақты айту

қиын. Өнер – шексіз әлем, оны жан-жақты дамытып, әр қырынан көрсету қажет. Мысалы, асаба бір сценариймен барлық тойды өткізсе, көрерменнің жалықтырады. Сол сияқты әртіс те өз өнерін түрлі бағытта шыңдап, жаңа қырынан танылуға ұмтылғаны жөн. Бүгінде стиль қалыптастыру, ерекшелену аса маңызды. Қазір креатив жоғары бағаланады.

Менің контентім – өнердің бірнеше саласын қамтитын ерекше кеңістік. Бейнетаспаларымда ән де, актерлік шеберлік те, жарнама да бар. Бұл менің шығармашылығымды кеңінен танытуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, әр туындыда сапа мен креатив үйлесуі керек. Сонда ғана өнер халықтың жүрегіне жол табады.

Ән өмірге келген сәби секілді. Ол да мың құбылып, сан өзгеріске түсіп, түрлі эмоцияны бастан кешіргеннен кейін ғана жарыққа шығады. Ал вайн – көпшілік түсіре алатын дүние, бірақ мен үшін ол аса маңызды емес. Вайнды қажеттілік туындағанда ғана, жан рахаты үшін түсіремін.

Кино – тұңғыш әлем. Онда сөзбен айтып жеткізе алмайтын сырлар жатыр. «Тәуіп және Шәріп» фильмін түсіру барысында түрлі қиындықпен бетпе-бет келуге тура келді. Солардың бірі – басты кейіпкеріміз Бағлан Шәріптің сырқаттанып, шұғыл ота жасатуға мәжбүр болуы. Бұл түсірілім процесіне үлкен әсер етті: уақыт тығыз, қаржылық шығын да айтарлықтай. Дегенмен осы қиындықтарға қарамастан, фильм көрерменге жол тартпақ.

Өнер адамына сын айтатын жандар әрдайым болады. Баршаға бірдей ұнай беру мүмкін емес. Бірақ ең бастысы – сынбау, жігерінді жоғалтпау. Жолыңды

кесе беретін қиындықтарға қарамастан, дйттеген межеге жетуге ұмтылу керек. Мен осыны дәріптеймін. «Оқ болып ұшып, шоқ болып жану» – нағыз өнер адамының мақсаты деп білемін.

— Алдағы уақытта қандай жобаны немесе идеяны жүзеге асыруды жоспарлап отырсыз? Ізіңізден ерген іні-қарындастарыңызға жылы лебіңізді жеткізсеңіз...

— Құдай сәтін салып, егер «Тәуіп және Шәріп» фильмі жақсы касса жинап, көрерменнің ыстық ықыласына бөлесе, алдағы уақытта жаңа кинотуындыларды жарыққа шығару ойымызда бар. Бірақ бәрін уақыт көрсетеді.

Ал жастарға келер болсақ, бүгінде бізге қарап бой түзейтін іні-қарындастарымыз аз емес. Жоғарыда арман-мақсаттарым жайлы айтты өттім. Сол армандарымның бірі – жас ұрпаққа тағалымды тәрбие беру, дұрыс бағыт көрсету. Біздің міндетіміз – жастарды «ызалы жерден» сақтау, олардың болашағына жарқын жол салу. Оларға мотивация беріп, алға жетелеу – әрбір саналы адамның парызы.

Адам жүрген жерінде жақсы ниет танытып, ізгі сөз айтса, соның өзі – кейінгіге қалдырған ізі. Екіншіше қарай, бүгінде жанашырлық пен қамқорлық әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан ең болмағанда өзімізді жөндеп, үлгі боларлық тұлға айналуымыз керек.

Ал біз халыққа қуаныш сыйлаудан, оларға дем беруден ешқашан шаршамаймыз!

— Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Әңгімелескен
Қорлан САРЫ

Ойын жасау бірімізге тек бағдарламалау болса, енді біреуге ол өнер мен технологияның тоғысқан тұсы іспеттес. Себебі тұтынушыға дайын түрде жететін бір ойынның артында ондаған маманның еңбегі, сценарий мен көзтартарлық графика жатыр. Яғни, Gamedev-ті шығармашылық пен техникалық білімді ұтғастыра білетіндердің алаңы деп атасақ, қателеспейміз. Ал қазақ ойын индустриясы туралы не білеміз? Иә, бұл сала елде енді ғана қарқын алып келеді. Дегенмен өз ойындарын жасап, ісіне құлшына кіріскен қызылордалық жастар бар. Солардың бірі – Нұрдәулет Дузенов пен Бек Қазі. Жас әзірлеушілермен сұхбаттасудың реті түсіп, ойда жүрген бірнеше сауалға жауап алдық. Алдымен қос жастың қолынан шыққан туындымен таныссақ.

Білім беру технологиялары қарқынды дамып жатқанда виртуалды оқыту құралдарының да маңызы артып келеді. Осындай жанашыл жобалардың бірі – «AetherShift». Бұл – Нұрдәулет Дузеновтің қолынан шыққан 3D-оқыту симуляторы. Жоба Unreal Engine негізінде жасалған және виртуалды шындық технологиясын қолдайтын инновациялық платформа. Ол пайдаланушыларды ғылыми эксперименттер әлеміне жетелейді. Нақтыласақ, пайдаланушылар физикалық және химиялық процестерді шнайын уақыт режимінде зерттей алады, жасанды интеллект пайдаланушылардың сұрақтарына жауап беріп, оқу материалдарын түсіндіреді, оқыту кезінде толықтай VR қолданылады және

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ ҺӘМ ЖАҢА МҮМКІНДІК



дыбыстық басқару қосылған. Мұнан бөлек, қазақтың дәстүрлі бәйгесі де енді мобильді ойын форматында. Бек Қазі жасаған Baige ойыны ат жарысының қызығы мен тактикасын сезінуге мүмкіндік береді. Пиксель стиліндегі бұл ойын ойыншыларға өз аттарын баптап, жарыстарға қатысып, жеңіске жету жолында шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік береді. Мұнда жылқының жылдамдығы мен төзімділігін жақсартып, қашықтық пен күрделілікті таңдау мүмкіндігі бар. Сонымен қатар ойынның ішінде экономикалық көзге енгізілген. Алтын жинап, атты күшін екі есе арттыруға болады. Ұлттық спорттың насихаттаудың осындай жаңа форматы жастарды қызықтырады анық.

— Неге Gamedev? Ал ойын әзірлеуге не шабыт берді?

Бек Қазі: — Жаңа дүниені, жаңа бағытты байқап көру, өзімді сынау әрқашан қызық болатын. Сондай қызығушылық мені Gamedev-ке алып келді. Әрине, әуелде Android қосымшаларын жасағым келді. Бірақ

ойын жасау әлдеқайда күрделі әрі қызықты екенін түсіндім. Студент кезімде қалада IT Park жанадан ашылып жатты. Компьютердің мүмкіндіктерін көріп, «Осы құрылғымен не істеуге болады?» деген сұрақ қойдым. Сол кезде ойын жасау идеясы пайда болды. Міне, ойын жасауға шабыт осылай келді.

Нұрдәулет Дузенов: — Бұл сала өз мүмкіндіктерімен және икемділігімен қызықтырады. Мұнда өзіңнің қиялыңды жүзеге асыруға болады. Ал шабытқа келсек, мұнда барлығы қарапайым. Жұмыс процесінің өзі маған ұнайды.

— Қызылордалық әзірлеушілер қандай қиындыққа тап болады? Жалпы аймақтағы даму деңгейі туралы не айта аласыз?

Нұрдәулет Дузенов: — Әрине, бізде Gamedev-ті үйрететін курстар бар. Бірақ қазір бұл сала әлі қалыптасу кезеңінде. Яғни алғашқы қадамдар жасалды, бірақ алдағы уақытта одан әрі дамыды деп ойлаймын. Мысалы, жасанды интеллекті бар VR-лаборатория сияқты мықты жобалар болды. Алайда ол жоба әрі қарай дамыған жоқ. Ал қиындықтарға келер болсақ, өз басым айтарлықтай қиындыққа тап болмадым. Дегенмен команда жинау мәселесі қиындық тудыруы мүмкін деп ойлаймын.

Бек Қазі: — Қызылордада ойын жасауда өзін үздік санайтындар жоқ. Бірақ сала дамып келеді. Жыл сайын Gamedev-ке қызығатын жастар көбейіп жатыр. Жалпы, IT саласында жақсы жобалар бар. Ал Gamedev енді ғана өз аудиториясын жинап келеді. Инди-әзірлеушілер әдетте ешқандай қолдау мен инвестициясыз жұмыс істейді. Сондықтан ең алдымен осыған дайын болу керек. Бастысы – интернет, жарық, су, тамақ бар, демек, ойыңды жасауға ешқандай кедергі жоқ.

— Өңірде білікті мамандар жеткілікті ме?

Бек Қазі: — Олай айту қиын. Өзін «маман» санайтындар көп, бірақ олардың ішінде шын мәнінде жұмыс істей алатындары аз.

Нұрдәулет Дузенов: — Менің ойымша, білікті маман көп. Дегенмен алдағы уақытта әзірлеушілердің санын арттыру керек.

— Ойын жобаларына қаржыландыруды табу қаншалықты қиын? Мемлекет немесе бизнес бұл саланы дамытуға қалай көмектесе алады?

Бек Қазі: — Егер Қызылорда туралы айтатын болсақ, бұл өте қиын. Өйткені инвесторлар консервативті, бірақ бәрі емес. Қол адам инвестиция салғысы келеді. Мәселе оны қалай жүзеге асыруда. Ал мемлекет немесе бизнес өкілдері инвестиция, тегін баспагерлік қызмет, маркетингтік қолдау және басқа да құралдар арқылы көмектесе болады.

Нұрдәулет Дузенов: — Жобанды ұсынып, қаржыландыру ұтып алуға болатын конкурстар бар. Дегенмен Gamedev-ке бағытталған байқаулардың саны көбінесе екен деймін. Жоғарыда айтқанымыдай, түрлі тақырыптар бойынша Gamedev-ке арналған жарыстарды жиі өткізу керек.

— Бұл салаға енді аяқ басқандарға айтарларыңыз болса...

Бек Қазі: — Егер Gamedev-ті бастағыңыз келсе, іске сәт! YouTube-та жақсы оқу арналары бар. Жеке мұғалім керек болса, арнайы мектептер бар. Қызылордада болсаңыз, IT Park-қа баруға болады. Ойын жасау үшін компания ашуды немесе құжат жинаудың қажеті жоқ. Бірден күрделі жұмыстан бастаңыз. Оңай дүниені өзіңіңнен үйреніп кетесіз. Нұрдәулет Дузенов: — Меніңше,



шеберлік сағаттар арқылы жастардың қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай сабақтар жас мамандарға таптырмас көмек. Жұмыс барысын көріп, өзіне қаншалықты қызықты екенін бағалай алады. Ал өз ойынныңды жасауды бастамас бұрын, ең алдымен команда жинап, толықанды жоспар құру қажет. Ойынның тақырыбын таңдап, сценарий жазып, 3D немесе 2D стилин анықтап алған жөн. Сондай-ақ модель жасауға немесе сурет салуға арналған бағдарламаны таңдап, ойын қозғалтқышын анықтау керек. Команда ішінде міндеттерді бөліп, нақты делдайын белгілеу маңызды. Иә, бұл белгілі бір деңгейде стресс тудыруы мүмкін, бірақ делдайын – жұмысты кейінге қалдырмауға, тапсырма көлемін нақты есептеуге және өз мүмкіндіктеріңді бағалауға үйрететін негізгі факторлардың бірі. Егер жоба ауқымды болса, алдымен прототипін жасап, кейін қаржыландыруға өтініш беруге болады.

Сұхбаттасқан
Әлия ТӨЖІБАЙ

Ақмешіт ЖАСТАРЫ
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VP00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 77242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: Тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Абзал ЖОЛТЕРЕК	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА	
Таралымы: 6905 Тапсырыс: 462	